

**Республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен ұсталатын ұйымдарында активтерді, материалдық запастарды, ақшаларды, есеп айырысуларды және басқа да баланс баптарына түгендемені жүргізудің тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998 жылғы 23 шілдедегі N 335 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 15 қазанда тіркелді. Тіркеу N 621. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 22 тамыздағы № 423 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2011.08.22 N 423 Бұйрығымен (2013.01.01 бастап қолданысқа енеді).

Ескерту. Тақырыпта және мәтінде "Қазақстан Республикасының республикалық" деген сөздер "Республикалық" деген сөзбен, "ұйымдарында" деген сөз "мемлекеттік мекемелерде" деген сөздермен ауыстырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2007.12.28. N 489 (алғаш рет жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Ескерту. Кіріспемен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2007.12.28. N 489 (алғаш рет жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

"Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерде активтерді, материалдық запастарды, ақшаларды, есеп айырысуларды және басқа да баланс баптарын түгендемені жүргізудің тәртібі туралы ұсынылып отырған Нұсқаулық бекітілсін.

*Директор*

**Республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерде активтерді, материалдық запастарды, ақшаларды, есеп айырысуларды және басқа да баланс баптарын түгендемені жүргізудің тәртібі туралы Нұсқаулық**

Ескерту. Тақырыпта "Қазақстан Республикасының республикалық" деген сөздер "Республикалық" деген сөздермен ауыстырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2007.12.28. N 489 (алғаш рет жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Ескерту. 48-тармақтың бірінші абзацын қоспағанда, "Бюджеттік ұйымдар", "бюджеттік ұйымдардың", "бюджеттік ұйым", "бюджеттік ұйымды", "бюджеттік ұйымдарды", "Бюджет ұйымының", "бюджеттік ұйымның", "бюджеттік ұйымдарда", "бюджеттік ұйымнан", "бюджеттік ұйымдарға", "бюджеттік ұйымдардағы", "ұйымдарда", "ұйымдар", "ұйымдарға", "ұйымның" деген сөздер "Мемлекеттік мекемелер", "мемлекеттік мекемелердің", "мемлекеттік мекеме", "мемлекеттік мекемені", "мемлекеттік мекемелерді", "Мемлекеттік мекеменің", "мемлекеттік мекеменің", "мемлекеттік мекемелерде", "мемлекеттік мекемеден", "мемлекеттік мекемелерге", "мемлекеттік мекемелердегі", "мемлекеттік мекемелерде", "мемлекеттік мекемелер", "мемлекеттік мекемелерге", "мемлекеттік мекеменің" деген сөздермен ауыстырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2007.12.28. N 489 (алғаш рет жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) Республикалық және жергілікті бюджеттері есебінен ұсталатын ұйымдарда түгендеме жүргізудің тәртібі мен мерзімдерін белгілейді.

Ескерту. 1-тармақта "Қазақстан Республикасының республикалық" деген сөздер "Республикалық" деген сөздермен ауыстырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2007.12.28. N 489 (алғаш рет жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

2. Мемлекеттік мекемелер "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес активтерді, материалдық запастарды, ақшаларды, есеп айырысулар мен басқа да баланс баптарының түгендемесін жүргізуге міндетті.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2007.12.28. N 489 (алғаш рет жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

3. Түгендеменің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:  
іс жүзінде қолдағы барын бухгалтерлік есептің деректерімен салыстыру арқылы іс жүзінде қолда бар активтерді, материалдық запастарды, ақшаларды, қатаң есептегі іспарақтарын анықтау, сондай-ақ олардың сақталуына бақылау ж а с а у ;

пайдаланылмаған материалдық құндылықтарды анықтау;  
материалдық құндылықтар мен ақшаларды сақтаудың қағидалары мен  
е р е ж е л е р і н о р ы н д а у ;

мемлекеттік мекемелердің кассаларындағы материалдық құндылықтарды, бюджеттік шоттардағы, мемлекеттік мекемелердің тауарларды, (жұмыстарды, қызметтерді) сатуынан түсетін түсімдер және олар бойынша жүргізілген төлемдер бойынша (бұдан әрі - ақылы қызметтер бойынша ҚБШ), мемлекеттік мекемелерге арналған демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін түсімдер және олардың есебінен жүргізілген төлемдер бойынша (бұдан әрі - қайырымдылық, демеушілік көмек ҚБШ), бірінші талап ету бойынша немесе қандайда бір мерзімнен кейін толық немесе бөліктермен, алдын ала келісілген үстемақымен немесе онсыз, тікелей жеке немесе заңды тұлға не тиісті республикалық немесе жергілікті бюджеттерге берілуі тиістілігіне қарамай атаулы мәнде оларды қайтарымды шартта мемлекеттік мекемеге жеке немесе заңды тұлға беретін ақша бойынша (бұдан әрі - жеке және заңды тұлғалардың уақытша ақша орналастыру ҚБШ-сі) операцияларды есепке алуға арналған қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы, шетел валютасында операцияларды жүргізуге арналған шетел валютасындағы шоттардағы (бұдан әрі - шетел валютасындағы шоттар) және бюджеттік инвестициялық жобаның немесе бағдарламаның арнайы шоттарындағы (бұдан әрі - сыртқы заемдар мен гранттар бойынша бюджеттік инвестициялық жобаның арнайы шоттары) қаражатты, дебиторлық және кредиторлық берешекті және басқа да баланс баптарын есепке а л у д ы ң д ұ р ы с т ы ғ ы н т е к с е р у .

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2007.12.28. N 489 (алғаш рет жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

4. Есепті қаржылық жылдағы түгендемелердің санын, олардың әрқайсысында тексерілетін мүліктің тізімін, түгендеме міндетті түрде жүргізілетін жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекеме белгілейді.

Түгендеме мынадай жағдайларда:

жылдық есепті жасаудың алдында;

материалдық жауапты тұлғалар ауыстырылатын кезде (қабылдау-тапсыру кү н і ) ;

құндылықтар ұрланған немесе қызметті өзі үшін пайдаланған, сондай-ақ құндылықтардың бүлінген фактілері анықталған кезде;

өрт немесе табиғи апаттар жағдайында;

заңды тұлға түріндегі мемлекеттік мекемені таратқан, қайтадан ұйымдастырған жағдайда (қосқан және біріктірген, бөлген, бөлініп шыққан және қайта құрған кезде) - жүргізілуге міндетті.

Түгендеме мемлекеттік мекемелерді немесе олардың құрылымдық бөлімшелерін, сондай-ақ бір министрліктің, мемлекеттік комитеттің және Қазақстан Республикасының өзге де орталық органының ғимараттарын және құрылыс-жайларын - оның шешімі бойынша тапсырып берген жағдайда, ал мемлекеттік мекемелерді, ғимараттарды және құрылыс-жайларын бір министрліктен, мемлекеттік комитеттен және Қазақстан Республикасының өзге де орталық органынан - басқаларға тапсырып берген жағдайда - олардың бірлескен шешімі бойынша - жүргізілуі мүмкін.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2007.12.28. N 489 (алғаш рет жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

## **2. Түгендемені жүргізу мерзімдері**

5. Мемлекеттік мекемелер түгендемені мынадай мерзімдерде:

а) машиналар мен жабдықтарды, көлік құралдарын, аспаптарды, өндіріс пен шаруашылық құрал-саймандарын, материалдық емес өзге де заттарды - жылына кемінде бір рет 1 қыркүйектен кешіктірмей;

б) ғимараттарды, құрылыс-жайларын, өтпелі құрылыстар мен басқа да жылжымайтын активтер объектілерін (жер учаскелерін, көпжылдық өскіндер мен басқа да жер шаруашылығымен тығыз байланысты, оларды ауыстыру, олардың арнаулы мақсаттарына байланысты шығынсыз болмайтын танаптарды) - екі-үш жылда бір рет;

в) кітапхана қорларын - бес жылда бір рет, сондай-ақ тиісті министрліктер, мемлекеттік комитеттер және Қазақстан Республикасының өзге де уәкілетті және атқарушы органдары бес жылда бір рет, сондай-ақ белгіленген мерзімдерде жүргізілуі мүмкін;

г) жұмыс істейтін және өнім беретін малдарды, малдың төлдерін және бордақыдағы малдарды, құстарды, үй қояндарын, терісі бағалы аңдарды, омарталарды, сондай-ақ тәжірибелік жануарларды - тоқсан сайын кемінде бір рет;

д) аяқталмаған күрделі құрылыс пен аяқталмаған күрделі жөндеу жұмыстарын - жылына кемінде бір рет, бірақ 1 желтоқсаннан кешіктірмей;

е) оқу, ғылыми және басқа мақсаттарға арналған материалдарды, шаруашылық материалдарын және кеңсе мүліктерін, дәрі-дәрмектер мен байлау-таңу заттарын, отынды, жанар және жағар материалдарын, мал азығы мен жемдерін, ыдыстарды, жолүсті материалдарын, машиналарға арналған запас бөлшектер мен жабдықтарды, өзге де материалдар мен арзан құнды әрі тез тозатын заттарды - бір жылына кемінде бір рет, бірақ 1 қазаннан кешіктірмей;

ж) тамақ және спирт өнімдерін - тоқсанына кемінде бір рет;  
з) өндірістік (оқу) шеберханаларындағы және қосалқы (оқу) шаруа қожалықтарындағы аяқталмаған өндірісті және өзіндік жартылай фабрикаттарды, ұйымдар мен арадағы шарттар бойынша орындалуға тиісті, аяқталмаған ғылыми зерттеу жұмыстарын - есепті жылдың 1 қазанынан кешіктірмей, және оның сыртында, Қазақстан Республикасының тиісті министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен өзге де орталық және жергілікті уәкілетті органдары белгілейтін у а қ ы т м е р з і м д е р і н д е ;

и) қымбат бағалы металдар мен қымбат бағалы тастарды 1 қаңтардағы және 1 шілдедегі жағдай бойынша жылына екі рет;

к) ақшаларды, ақша құжаттарын, құндылықтар мен қатаң есептегі бланктерді - мемлекеттік мекеменің басшысы белгілеген мерзімдерді, бірақ аптасына бір р е т т е н к е м е м е с ;

л) бюджеттік шоттар, ақылы қызметтер бойынша ҚБШ, қайырымдылық, демеушілік көмек ҚБШ, жеке және заңды тұлғалардың уақытша ақша орналастыру ҚБШ-сі, шетел валютасындағы шоттар, сыртқы заемдар мен гранттар бойынша бюджеттік инвестициялық жобаның арнайы шоттары бойынша қаражаттың қозғалысын қазынашылықтың аумақтық органдарының есепті нысандарын және қызмет көрсететін екінші деңгейдегі банктердің үзінді жазбаларды алу шамасына қарай;

м) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударылатын міндетті әлеуметтік аударымдар бойынша, жинақтаушы зейнетақы қорларына аударылатын міндетті зейнетақы жарналары бойынша бюджетке төленетін төлемдер бойынша, депоненттермен есеп айырысуларды тоқсанына кемінде бір р е т ;

н) әртүрлі дебиторлармен және несие берушілермен есеп айырысуларды жылына екі реттен кем емес;

о) алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2007.12.28. N 489 (алғаш рет жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

п) баланстың басқа да баптарын - 1 қаңтардағы жағдай бойынша - жүргізуге м і н д е т т і .

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2007.12.28. N 489 (алғаш рет жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

6. Бұрын жыл бойында жоспарсыз тексеруге ұшыраған құндылықтарда белгіленген мерзімдерде түгендемеге жатқызылады.

### 3. Түгендеуді жүргізудің тәртібі

7. Бюджет ұйымының басшысы түгендемені жүргізу жөніндегі жұмыстың ұйымдастырылуы үшін жауап береді.

8. Түгендемені жүргізу үшін мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен, міндетті түрде бас бухгалтерді қатыстыра отырып, оның қызметкерлері арасынан комиссия құрылады. Түгендеме комиссиясына мемлекеттік мекеменің басшысы немесе оның орынбасары жетекшілік етеді. Сондай-ақ осы бұйрықпен түгендемені жүргізу жөніндегі жұмыстың тәртібі оны бастаудың және аяқтаудың мерзімдері мен бухгалтерлік есептегі оның көрсеткіштері белгіленеді.

9. Орталық түгендеме комиссиясын құру, түгендемені жүргізу, түгендемені жүргізудің күнтізбелік жоспарын бекіту, сондай-ақ қызметшілердің түгендеме комиссияларына қатысуы үшін бөлінісін анықтау мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен бекітіледі. Осы бұйрықтың негізінде орталық бухгалтерия қызмет көрсететін мемлекеттік мекемелердің басшылары өздерінің түгендеме комиссияларын тағайындайды.

#### 10. Түгендеме комиссиялары:

- материалдық құндылықтар мен ақшаларды олардың сақталған орындарына және материалдық жауапты тұлғаларына байланысты түгенделуін жүзеге асырады;

- мемлекеттік мекеменің бухгалтерлік қызметімен бірлесіп түгендеменің нәтижелерін анықтауға қатысады және артықшылықтарды кіріске алу немесе кемшығымдарды есептен шығару жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді;

- материалдық құндылықтарды қабылдауды, ақтауды және босатуды ретке келтіру, олардың сақталуы есепке алу және бақылау ісін жақсарту мәселелері бойынша, сондай-ақ анықталған, пайдаланылмаған материалдық құндылықтар іске асыру туралы ұсыныстар енгізеді;

#### мыналар:

түгендемелердің мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығына сәйкес уақытында және белгіленген тәртіппен жүргізілуі;

- түгендеме тізімдемелеріне тексерілген активтердің, материалдық запастардың, ақшалардың және есеп айырысу қаржыларының іс жүзіндегі қалдықтары туралы деректердің толық және нақты түсірілуі үшін. Түгендеме комиссиясының мүшелері кемшығымдарды немесе артықшылықтарды жасырып қалу мақсатында материалдық құндылықтардың іс жүзіндегі қалдықтары туралы тізімдемелерге әдейі теріс деректерді енгізгені үшін Қазақстан Республикасының Заңдарында белгіленген жауапкершілікті көтереді.

Осы Нұсқаулыққа сәйкес материалдарды түгендемені ресімдеудің дұрыстығы және уақыттылығы үшін жауап береді.

11. Түгендеме комиссиясының мүшелері толық құрамында болмаған жағдайда құндылықтарды түгендемені жүргізуге тыйым салынады.

Материалдық жауапты тұлғалар түгендеме комиссиясына мүше бола  
а л м а й д ы .

12. Түгендеме басталатын күні құндылықтарды кіріске алу және есептен шығару жөніндегі барлық құжаттарды өңдеу аяқталып, талдау есебінен карточкаларында (кітаптарында) тиісті жазбалар жазылуы және қалдықтар көрсетіп қойылуы керек.

Құндылықтардың сақталуы үшін жауапты тұлғалар түгендеме басталғанға дейін құндылықтарды кіріске алу және есептен шығаруға жататын барлық құжаттардың және олардың жауаптылықпен сақтауына келіп түскен барлық құндылықтардың бухгалтерлік қызметке тапсырылғаны, ал есептен шығарылғандарының шығысқа жатқызылғаны туралы қолхат береді. Мұндай қолхаттарды құндылықтардың сатып алынғаны немесе тапсырып берілгені туралы сомаларға жауапты тұлғалар береді.

13. Материалдық құндылықтардың іс жүзіндегі санын тексеруге кіріспестен бұрын түгендеме комиссиясы:

- қосалқы бөлмелерді, жер асты қоймаларын, кіретін және шығатын жеке есіктері бар, құндылықтар сақталатын басқа да орындарды мөрлеп бекітуге;

- салмақ өлшейтін барлық аспаптардың түзіктігін тексеруге;

- түгендеме сәтіне дейінгі материалдық құндылықтар мен ақшалардың есебін алуға міндетті.

14. Күтпеген түгендеме жағдайларында барлық материалдық құндылықтар түгендеме комиссиясының қатысуымен, басқа жағдайларда - күні бұрын дайындалуы керек.

Қоймаларда және басқа сақтау орындарында материалдық құндылық атауларды, сорттары, өлшемі т.б. бойынша сұрыпталуы және орналастырылуы керек. Материалдық құндылықтарда олардың саны, массасы (салмағы) мен өлшемдері көрсетілген, осы құндылықтарды сипаттайтын мәліметтер бар, белгі болуы керек.

15. Активтерді, материалдық запастарды, ақшаларды түгендеме осы құндылықтар сақталып тұрған орын және жауапты тұлғалар бойынша жүргізіледі. Аяқталмаған күрделі құрылыстың, аяқталмаған күрделі жөндеудің және аяқталмаған өндірістің түгенделуі де осылай жүргізіледі.

Табиғи түріндегі қалдықтарды тексеруді материалдық-жауапты тұлғалардың міндетті түрде қатысуымен түгендеу комиссиясының мүшелері жүргізеді.

Түгендеме кезінде материалдық құндылықтардың мөлшері міндетті түрде есептеу, салмақтау, өлшеу т.с.с. жолымен белгіленген өлшем бірліктері арқылы анықталады. Берерменнің қарамағында бүлінбей сақталып келген материалдар

мен тауарлар бойынша бұл құндылықтардың мөлшері ерекше жағдайларда оларды табиғи күйінде міндетті түрде тексеру жағдайындағы құжаттардың негізінде анықталады. Төсек материалдарының массасын (салмағын немесе көлемін) анықтауды көлемін өлшеу және техникалық есептер негізінде жүргізуге рұқсат етіледі, ол туралы тізімдемеде тиісті белгі қойылады.

16. Түгенделетін құндылықтар мен объектілердің атаулары және олардың саны номенклатура және саны бойынша, материалдық құндылықтардың тұрған орнына және оларды сақтау үшін жауапты тұлғаларға қарай жеке-жеке жасалады.

Тізімдемеге түгендеу комиссиясының төрағасы мен барлық мүшелері қол қояды, ал материалдық-жауапты тұлғалар мынадай мазмұндағы қолхатты то л т ы р а д ы :

"Осы түгендеу тізімдемесінде \_\_\_\_\_ нөмірден \_\_\_\_\_ нөмірге дейін аталған барлық құндылықтарды комиссия менің (біздің) қатысуыммен (-ызбен) заттай түрінде тексерді және тізімдемеге өзгерістер енгізді, бұған байланысты түгендеу комиссиясына наразылығым (-ыз) жоқ" (қолы, айы-күні).

17. Тізімдеме компьютерлік техниканың көмегімен де, қолмен жазу арқылы да о р ы н д а л у ы м ү м к і н .

Ешқандай тазалауға және түзетуге рұқсат етілмейді. Тізімдеменің әрбір бетінде жазбаша түрде материалдық құндылықтардың рет нөмірі көрсетіледі және табиғи көрсеткіштері бойынша, қандай өлшем бірліктерінде (дана, кг және т.с.с.) болғанына қарамастан, жалпы қорытынды беріледі. Түзетулер туралы қоса жазылады және түгендеу комиссиясының барлық мүшелері мен материалдық-жауапты тұлғалар қол қояды. Тізімдемеде толтырылмаған жолдарды қалдыруға рұқсат етілмейді. Тізімдемелердің толтырылмай қалған соңғы жолдары сызып тасталады.

18. Материалдық-жауапты тұлғалар ауыстырылған жағдайда тізімдемеде құндылықты қабылдаған тұлға, оларды қабылдағаны туралы, ал тапсырған тұлға - оларды тапсырғаны туралы қол қояды.

19. Түгендеме аяқталған соң ресімделген тізімдемелер (актілер), тізімдемелердің нәтижелерін тексеру, анықтау және есепте көрсету үшін мемлекеттік мекеменің бухгалтерлік қызметіне тапсырылады. Бұл ретте бухгалтерлік есептің деректері бойынша сандық және құндылық көрсеткіштері тиісті тізімдемелер деректерінің тұсына, түгендеме деректері мен есеп деректері арасындағы айырмашылықтар салыстыру жолымен көрсетіле отырып, жазылады.

20. Салыстырма ведомостарын жасау және түгендеудің нәтижелерін айқындау жөніндегі жұмыстар басталғанға дейін мемлекеттік мекеменің бухгалтерлік қызметі түгендеу тізбелерінде келтірілген барлық есептердің



дұрыстығына мұқият тексеру жүргізеді. Бағалауда, нарықтауда және есептеуде байқалған қателіктер түзетіледі және комиссияның барлық мүшелері мен материалдық-жауапты тұлғалардың қолдарымен расталады.

Түгендеме тізімдемесінің соңғы бетінде осы тексеруді жүргізген тұлғалардың қолы қойылып, бағалаудың, нарықтаудың және есептеудің қорытындылары туралы белгі қойылуы керек.

Тізімдемеге қойылған бухгалтерлік есептің деректері бухгалтерлік қызмет қызметшісінің қолымен расталады. Түгендеменің материалдарын түгендемені жүргізу үшін комиссияны тағайындаған тұлғалар қарайды және куәландырады.

21. Тамақ өнімдерінен басқасын түгендеу айдың бірінші жұлдызындағы жағдай бойынша жүргізілуі тиіс. Егер олардың сақталған әлдеқандай орындары бойынша құндылықтарды тексеру бір мезгілде аяқталмаса, ол айдың бірінші жұлдызынан бұрын басталып кейін аяқталуы мүмкін. Мұндай жағдайда түгендеменің деректері айдың бірінші жұлдызындағы жағдай бойынша үйлестірілуі керек.

Егер қоймаларда немесе басқа да жабық орындарда орналасқан материалдық құндылықтарды түгендеу бір мезгілде аяқталмаса, қойма-жайы түгендеу комиссиясы кетер алдында мөрленіп бекітілуге тиіс. Түгендеу уақыты көрсетілген мөр түгендеу комиссиясының төрағасында сақталады. Түгендеу комиссиясының жұмысындағы үзілістер (түскі үзілістер, түнгі уақыт, басқа да себептер) кезінде тізімдемелер түгендеме жүргізілген жабық қойма-жайында (шкафта, сейфте) сақталуы керек.

22. Активтерді, материалдық запастарды түгендеу кезінде мемлекеттік мекемелерде пайдаланылмаған, белгіленген тәртіппен сатуға жатқызылатын артық заттар анықталады.

23. Барлық материалдық құндылықтар, сондай-ақ баланстан тысқары шоттарда есепке алынған жалдамалы активтер баланста есептелетін құндылықтар үшін белгіленген тәртіппен және мерзімдер бойынша түгенделеді.

24. Түгендеменің бақылау мақсатындағы тексерулері түгендеме аяқталған соң, бірақ міндетті түрде түгендеме жүргізілген қойма (сақтау орны, секциялар т.б.) ашылғанға дейін жүргізілуі керек.

Түгендеу тізімдемесінің деректері мен бақылау мақсатындағы тексерулер деректерінің арасында елеулі айырмашылық пайда болған жағдайда құндылықтарды жаппай екінші рет түгендеуді жүргізу үшін жаңа түгендеу комиссиясының құрамы тағайындалады.

Бюджет ұйымының басшысы құндылықтарды түгендеуді жүргізуде тәртіптің бұзылуына жол берген түгендеу комиссиясының бірінші құрамының жауапкершілігі туралы мәселені дереу қарауы керек.

Түгендеулердің бақылау мақсатындағы тексерулерінің нәтижелері актімен

ресімделеді (N 3 қосымша). Бақылау мақсатында жүргізілген тексерулердің есебін бухгалтерлік қызмет арнаулы кітапта (N 4 қосымша) жүргізіп отырады.

Түгендеу комиссиясының жұмысы хаттамамен ресімделеді, онда түгендеуменің нәтижелері, сондай-ақ қойма шаруашылығының жай-күйі және материалдық құндылықтардың сақталуын тексерудің нәтижелері көрсетіледі.

Пайдаланылмаған және пайдалануға жарамайтын материалдық құндылықтар байқалған жағдайда ресімдемеде олардың әкелінген уақыты, берерменнің атауы, құндылықтардың түгендеу сәтіндегі сапасы және олардың сапасының төмендеген себептері көрсетіледі. Мұндай материалдық құндылықтарға арналып жеке түгендеу тізімдемелері жасалады, бұл құндылықтар сақталған орындарында ерекше бөлініп орналастырылады.

Жарамсыз болып қалған құндылықтарға бөлек түгендеу тізімдемесі жасалады. Комиссиясының хаттамасында олар жеке бөлініп, мұнда олардың бүліну себептері мен бұған кінәлі тұлғалар көрсетіледі.

#### 4. Активтерді түгендеу

25. Активтерді түгендеу басталғанға дейін мыналарды:  
бухгалтерлік есеп тіркелімдерінің болуын және жағдайын (карточкаларын т.б.)

техникалық паспорттардың және басқа да техникалық құжаттардың болуын және жағдайын;

мемлекеттік мекеме жалға тапсырған, жалға, сақтауға және уақытша пайдалануға қабылдаған активтер жөніндегі құжаттардың болуын - тексеру қажет. Құжаттар болмаған жағдайда олардың алынуын немесе ресімделуін қамтамасыз ету қажет.

**Ескерту. 25-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2007.12.28. N 489 (алғаш рет жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

26. Түгендеме кезінде комиссия міндетті түрде объектілердің жай-күйін және техникалық құжаттардың сәйкестігін тексеруді жүргізеді, тізімдемеге осы объектілердің толық атауларын және олардың түгендеу нөмірлерін жазып қалдырады. Техникалық құжаттар болмаған жағдайда, бұл туралы "Ескерту" бағанындағы тізімдеме көрсетеді.

Машиналар, жабдықтар, аспаптар, құрылғылар мен т.б. зауыттағы нөмірлері бойынша тексеріледі және түгендеу нөмірі көрсетіле отырып тізімдемеге енгізіледі.

Шаруашылық заттарының біркелкі құралдары, аспаптар, станоктар және бір мезгілде келіп түскен және топтық есептеудің заттық карточкасында есептелетін,

құндары бірдей бұйымдар түгендеу тізімдерінде осы заттардың саны мен түгендеу нөмірлері көрсетіле отырып, атаулары бойынша келтіріледі.

27. Активтерді (ғимараттарды, құрылыс жайларын, тапсырылатын құрылғыларды, машиналар мен жабдықтарды, көлік құралдарын, аспаптарды, өндірістік және шаруашылық құрал-саймандарын, кітапхана қорын, өзге де активтерді және т.б.) ресімдеу үшін түгендеу тізімдемесі (N 1 қосымша) қолданылады, ол негізгі мақсаттарына сәйкес атаулар бойынша құрылады. Тізімдемені комиссия құндылықтардың әрбір орналасқан жері және олардың сақталуы үшін жауапты тұлға бойынша жасайды.

Қалыптастыруға, қайта жобалауға, кеңейтуге немесе қайтадан құруға ұшыраған, соның салдарынан оның негізгі мақсаты өзгертілген объект жаңа тағайындауға сәйкес атаулар бойынша тізімдемеге енгізіледі.

Жүргізілген күрделі құрылыстар (қабатты құрылымдар, жаңадан салынған бөлмелер және т.б.) немесе ішінара бұзылған құрылыстар бухгалтерлік есепте көрсетілмеген болса комиссия тиісті құжаттар қабылданғанына дейін объектінің тепе-теңдік құнының ұлғайған немесе кеміген сомасын айқындауға және оны өндірістік өзгерістер туралы деректердің тізімдемесіне енгізуге міндетті.

Есепте көрсетілмеген және есеп тізілімдерінде жоқ объектілер байқалған жағдайда немесе оларды сипаттайтын деректер дұрыс көрсетілмеген кезде комиссия түгендеу тізімдемесіне осы объектілер бойынша жетпей қалған мәліметтер мен техникалық көрсеткіштерді енгізуге міндетті.

Тиісті құжаттар бойынша объектінің баланс құнының ұлғайған немесе кеміген сомасын айқындап, оны жүргізілген өзгерістер туралы деректердің тізімдемесінде олардың мақсаттарын, олар жасалған негізгі материалдарды (сыртқы және ішкі өлшемдер бойынша), алаңды (жалпы және пайдалы), этаждардың санын (жер асты, жартылай жер асты және басқа жайларын қоспағанда), салынған жылын және басқаларды көрсету керек. Мұнымен бірге комиссия кінәлі тұлғаларды және есепте көрініс табуға тиісті объектілердің құрылымдық өзгеруі жөнінде кінәлі тұлғалар мен себептерді анықтауы тиіс.

Соңғы түгендеме жүргізілген сәттен кейін байқалған және есепке алынбаған деректер жөнінде нарықтық құн бойынша түзету енгізілуі керек, ол қолданылып келген техникалық жағдайға байланысты анықталады.

28. Активтер түгендеу нөмірлері көрсетіле отырып түгендеу тізімдемесіне енгізіледі. Активтердің объектілеріне берілген түгендеу нөмірлері өзгертілмеуге тиіс. Нөмірлерді өзгерту тек объектілер активтердің әлдеқандай топтарында кездейсоқ көрсетілген жағдайларда ғана жүргізілуі мүмкін, мұндайда ол өзінің техникалық өндірістік мақсаты бойынша, сондай-ақ нөмірі қате көрсетілген жағдайларда ғана жүргізіледі.

29. Түгендеме жүргізілген сәтте активтері мемлекеттік мекемеден тысқары

болған объектілерді (мәселен: күрделі жөндеуге жіберілген машиналар мен жабдықтар және с.с.) олардың уақытша болмаған сәтіне дейін комиссия түгендеме жүргізуге тиісті.

30. Пайдалануға жарамайтын және қалпына келтіруге жатпайтын активтерге осы объектілерді пайдалануға беру уақыты және жарамсыз болуына әкеп соқтырған себептер (тозғаны, толық жарамай қалғаны тағы сол сияқты) көрсетіле отырып жеке тізімдеме жасалады.

Мұндай объектілерді есептен шығару белгіленген тәртіппен жүргізіледі: республикалық меншіктегі - аумақтық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеттерінің рұқсаты бойынша; коммуналдық меншіктегі - тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімі уәкілеттік берген жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның рұқсаты бойынша.

**Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2007.12.28. N 489 (алғаш рет жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

31. Сонымен қатар өзіндік мүліктерді түгендеу жалға алынған активтерді түгендеумен бірге жүргізіледі. Жалға алынған объектілердің түгендеу тізімдемелері әрбір жалға алушы бойынша бөлек жасалады. Онда жалға алушының атауы мен жалдаудың мерзімдері көрсетіледі.

Жалға алынған активтердің түгендеу тізімдемесінің бір данасы аренданы берушіге жіберіледі.

## **5. Материалдық запастарды түгендеу**

32. Материалдық запастардың түгендемесі сақталу орны бойынша және материалдық-жауапты тұлғалар бойынша бөлек жүргізіледі. Түгендеме осы құрылыс жайындағы құндылықтардың орналасқан тәртібімен құрылады. Түгендеудің кезінде материалдық құндылықтардың бір түрінен екіншісіне орынсыз ауысуға жол берілмейді.

Материалдық запастар әртүрлі бөлек орындарда сақталған кезде түгендеме бір материалдық-жауапты тұлғадан оның сақталу орны бойынша көшірілген жағдайда құндылықтар тексеріліп, комиссия өзінің мөр таңбасын қояды да, ол жұмысты одан әрі жалғастыру үшін келесі құрылыс жайына көшіріледі.

Түгендеу кезінде анықталған жарамсыз және бүлінген материалдық запастар үшін қосымша актілер жасалып, осы материалды запастардың бүліну себептері, сипаты мен деңгейі, сондай-ақ бүлінуге жол берген кінәлі тұлғалар көрсетіледі.

33. Материалдық запастардың (жабдықтардың, құрылыс материалдарының және ғылыми зерттеулерге арналған материалдардың, азық-түлік материалдары

мен өнімдерінің, бағасы төмен және тез бүлінетін заттардың) іс жүзіндегі көлемі жөніндегі деректерді көрсету үшін әрбір жеке атаулар бойынша олардың номенклатуралық нөмірін, түрін, тобын, сортын және өлшем бірлігін көрсете отырып акт жасалады.

Түгендеу тізімдемесі құндылық сақталып отырған әрбір орын және материалдық-жауапты тұлға немесе тұлғалар тобы бойынша жасалады.

34. Түгендеу комиссиясының төрағасы немесе, оның тапсыруы бойынша, комиссияның мүшелері қойманың меңгерушісін және материалдық-жауапты тұлғаларды қатыстыра отырып, міндетті түрде қайтадан есептеу, салмағын немесе көлемін өлшеу жолымен материалдық запастардың іс жүзіндегі мөлшерін анықтайды. Материалдық-жауапты тұлғалардың сөздерінен немесе олардың мөлшерін іс жүзінде тексермейінше запастардың қалдықтары туралы деректерді тізімдемеге енгізуге үзілді-кесілді тыйым салынады.

35. Басқа мемлекеттік мекемелерге тиесілі және жауапты сақтауда тұрған материалдық запастар өзіндік материалдық запастармен бір мезгілде түгенделеді. Мұндай запастарға бөлек түгендеу тізімдемесі жасалады, оларда бұл запастардың жауапты сақтауға алынғанын растайтын құжаттарға сілтеме жасала отырып белгі қойылады (N 5 қосымша).

36. Жол үстіндегі материалдар мен тауарлар үшін жеке акт жасалып онда әрбір жөнелту бойынша мынадай деректер: атауы мен көлемі (бухгалтерлік есеп құжаттарына сай), жөнелтілген уақыты, сондай-ақ жөнелту құжаттарының тізімдемесі мен нөмірі (N 6 қосымша) келтіріледі.

Келіп түскен материалдық запастарды есепке алмау фактісі анықталған жағдайда қызметтік тексеру жүргізіліп, жауапты тұлғалардың түсінігі талап етулігіе тиіс, ал қызмет бабын пайдалануға жол берілген жағдайда - материалдар тергеуші органдарға тапсырылуға тиіс.

37. Түгендеу жүргізіліп жатқан кезде келіп түскен материалдық запастарды материалдық-жауапты тұлғалар түгендеу комиссиясының мүшелерін қатыстыра отырып түгендеу өткеннен кейін кіріске қабылдайды. Бұл материалдық запастар "Түгендеме уақытында келіп түскен материалдық запастар" атауына жеке тізімдеме ретінде қосылады. Тізімдемеде олардың қайдан және қашан келіп түскені, кіріске қабылдаған құжаттың уақыты мен ай-күні, оның атауы, саны, бағасы мен сомасы көрсетіледі.

Түгендеу комиссиясы төрағасының қолымен құжатты кіріске қабылдаған кезде осы материалдық запастар жазылған тізімдеменің уақытына сілтеме жасала отырып, "Түгендемеден соң кіріске алынсын" деген белгі қойылады.

Үлкен қоймаларда түгендеме ұзақ уақыт жүргізілген кезде ерекше жағдайларда ғана материалдық запастарды түгендеу барысында мемлекеттік мекеме басшысының және бас бухгалтердің жазбаша рұқсатымен олар түгендеу

комиссиясы мүшелерінің қатысуымен материалдық-жауапты тұлғаларға босатылуы мүмкін.

38. Бұл запастар "Түгендеу кезінде босатылған материалдық запастар" деген атаумен жеке тізімдемеге енгізіледі. Тізімдемені ресімдеуді "түгендеу кезінде келіп түскен материалдық запастар" жөніндегі құжаттар сияқты жүзеге асыру қажет. Шығыс құжаттарында түгендеу комиссиясы төрағасының қолымен белгі қойылады.

39. Бағасы төмен және тез тозатын заттарды түгендеу 33-39 тармақшаларда көрсетілген тәртіппен жүргізіледі.

## **6. Өндірістік (оқу) шеберханаларының, қосалқы (оқу) ауыл қожалықтарының аяқталмаған өндірісін түгендеу**

40. Өндірістік (оқу) шеберханаларындағы аяқталмаған өндіріске толық бітпеген жұмыстар (тетіктер, тораптар т.б.) және бұйымдар, ұқсату және құрау жұмыстары; толық жинақталмаған және қоймаға тапсырылмаған дайын бұйымдар жатқызылады.

41. Түгендемені бастаудың алдында қоймаға өндіріс үшін қажеті жоқ материалдарды, сатып алынған тетіктер мен жартылай дайын бұйымдарды, сондай-ақ осы кезде өңделуі аяқталған барлық тетіктерді, тораптар мен агрегаттарды тапсыру қажет.

Аяқталмаған өндіріс бұйымдарының (тетіктердің, тораптардың т.б.) қалдықтарын тексеру іс жүзінде есепке алу, салмағын өлшеу, көлемін өлшеу жолымен жүргізіледі.

Жұмыс орындарында орналасқан және өңдеуге қолданылмаған материалдар мен сатып алынған жартылай фабрикалар аяқталмаған өндірістің түгендеу тізімдемесіне енгізілмейді және өзгеше түгендемеге алынып, жеке тізімдемеде жазылады.

Түгендеменің нәтижелері түгендеу тізімдемесінде (N 7 қосымша) ресімделеді.

42. мемлекеттік мекемелердің жанындағы қосалқы (оқу) ауыл қожалықтарында аяқталмаған өндіріске күздік егістің, сүдігер жыртудың, көлкітіп суаруды, көшетхана мен жылыжайларды дайындаудың, сондай-ақ бау-бақша және жеміс- жидек алқаптарының шығындары жатқызылады.

Түгендеме аяқталмаған әрбір жұмыстың түрі бойынша жүргізіледі, бұл ретте түгендеу комиссиясы нақты көрсеткіштер мен іс жүзіндегі шығындарды тексереді. Іс жүзіндегі шығындар бастапқы құжаттардан және бухгалтерлік есеп тіркелімдерінен (нарядтардан, тұқым жөніндегі сұраныстардан, жолдама қағаздардан т.б.) іріктеп алу жолымен айқындалады.

Түгендеменің нәтижелері түгендеу тізімдемесінде (N 8 қосымша) ресімделеді, мұндай сандық тұрғыдағы өлшемдер (аландар - гектармен, шаршы метрмен, жылыжайлар - көшетханалардың санымен) аяқталмаған өндіріс жөніндегі жұмыстардың көлемі, залалдар, аяқталмаған өндірістің сипаттамасы (танаптардың жай-күйі, сапасы т.б.) жазылады.

**Ескерту. 42-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2007.12.28. N 489 (алғаш рет жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

43. Қосалқы ауыл қожалықтарында жануарлардың, үй қояндарының, терісі бағалы аңдардың, ара ұяларының т.б. барлық түрлері, олардың құнына қарамастан, түгендеуге жатады.

Топтық тәртіппен есептелетін жануарлардың саны мен тірідей салмақтары көрсетіле отырып, жасы мен жыныстық топтары бойынша тізімдемеге енгізіледі.

Жануарлар түгендеу нөмірі, аты, жынысы, түсі, тұқымы т.б. (N 9 қосымша) көрсетіле отырып, тізімдемеге жеке қосылады.

## **7. Аяқталмаған күрделі құрылыстарды және аяқталмаған күрделі жөндеулерді түгендеу**

44. Аяқталмаған күрделі құрылыстардың және аяқталмаған күрделі жөндеулердің қолда барының және көлемінің түгендеу кезінде олардың бар болуын тексеру жолымен белгіленеді. Бұл ретте жасалатын актілерде әрбір объект және жұмыс түрі бойынша орындалатын жұмыс объектілерінің атауы, сипаттамасы мен көлемі, сметалық және нақтылы құны көрсетіледі (N 8 қ о с ы м ш а ) .

45. Түгендеу комиссиясы:

аяқталмаған күрделі құрылыс құрамында монтаждауға берілген, бірақ іс жүзінде монтаждау басталмаған жабдықтар есептелетіндері бар екендігін тексеру қажет. Мұндай жабдықтар анықталған жағдайда есепке және есепке алуға тиісті т ү з е т у л е р ж а с а у ы қ а ж е т ;

сақтауға қойылған және уақытша тоқтатылған құрылыс объектілерінің жағдайын тексеруі қажет. Бұл объектілер бойынша себептерін және олардың сақтауға қойылған дәлелдерін анықтау қажет.

46. Толық және ішінара іс жүзінде пайдалануға берілген, олардың қабылдануы және іске қосылуы тиісті құжаттармен ресімделмеген аяқталған құрылыс объектілеріне жеке актілер жасалады.

Қандай да бір себептер бойынша пайдалануға берілмеген аяқталған құрылыс объектілеріне бөлек акт жасалады.

Баланстан есептен шығаруға жататын, игерілмеген құрылыстар бойынша құрылыс объектілерін тоқтату үшін, сондай-ақ жобалау-зерделеу жұмыстары үшін құрылыстың тоқтатылу себептерін көрсете отырып, смета бойынша орындалған жұмыстардың және олардың құнының сипаттамасы туралы деректер келтірілген жеке акт жасалады. Бұл үшін тиісті техникалық құжаттама (сызулар, сметалар және т.б. құжаттар), жұмыстарды кезендерді тапсыру актілері, құрылыс объектілерінде орындалған жұмыстардың есепке алу журналдары және басқа да құжаттамалар пайдаланылуы тиіс.

47. Үйлердің, құрылыстардың, машиналардың, жабдықтардың, энергетикалық қондырғылардың және басқа да объектілердің аяқталмаған күрделі құрылыстарына арналып бөлек акт жасалады (N 10 қосымша).

Акт табиғи түрдегі жұмыс жағдайын тексеру негізінде тексеру комиссиясы бір данада әзірлейді және мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік қызметіне беріледі.

## **8. Аяқталмаған ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстарды түгендеу**

48. Ғылыми-зерттеу мемлекеттік мекемелерде және оқу орындарында ұйымдармен шарт бойынша орындалатын аяқталмаған ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстар түгенделеді. Түгендеу әрбір шарт (тақырып, тапсырыс), сондай-ақ әрбір тәжірибе қондырғысы бойынша жүргізіледі, бұл ретте түгендеу комиссиясы әрбір тақырыптың орындалған сметалық (шарттық) құны, ал бухгалтерлік қызметтің-нақтылы шығыстары тексеріледі (N 1 қосымша).

Бұл ретте, жұмыстардың құнына шарт жасау кезінде тақырыптарды орындауға байланысты барлық шығындар, оның ішінде жұмыстар жүргізу үшін қажетті арнаулы жабдықтарды сатып алуға арналған шығындар енгізілетіндігін назарға алу қажет. Ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстардың шаруашылық шарттарын орындау үшін сатып алынған арнаулы жабдықтар аяқталмаған өндіріс шығыстарының құрамында ескеріледі.

Бюджеттік жұмыстар бойынша ғылыми-зерттеулерді жүргізуге арналған шығындардың қатарында түрлі тәжірибелік құрылғыларды (қондырғыларды, машиналар мен құралдардың үлгілері, сынаққа арналған стенділер және т.б.) жасауға арналған шығындар ескеріледі.

Жасалған тәжірибелік құрылғылар бойынша нақтылы шығындар мемлекеттік мекемелердің жетекшілері бекіткен актілерге сәйкес ескеріледі.



Егер жұмыс аяқталғаннан кейін құрылғылар есепке алынбай бөлшектенсе, онда түгендеу құрылғыларды бөлшектеу кезінде алынған материалдарды, құралдарды есепке алудың қолда бар құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

## **9. Қымбат бағалы металдар мен қымбат бағалы тастарды түгендеу**

49. Түгендеуге қолда бар барлық қымбат бағалы металдар мен қымбат бағалы т а с т а р ж а т а д ы .

Түгендеуге сондай-ақ ұйымдарға жатпайтын (қайта өңдеу үшін алынған және жауапты сақтаудағы) және есепке алынбаған құндылықтар жатады.

**Ескерту. 49-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2007.12.28. N 489 (алғаш рет жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

50. Түгендеу кезіндегі қымбат бағалы металдар мен қымбат бағалы тастардың бар болуы белгіленген өлшем бірлігінен шыға отырып міндетті өлшеу және есептеу жолымен айқындалады.

Қымбат бағалы металдар мен қымбат бағалы тастарды өлшеу алдында таразылардың беріктілігі мен сезімталдығы тексерілуі тиіс.

Аяқталмаған өндірістерге түгендеу жүргізу кезінде өлшеуге жатпайтын бөлшектердегі және бұйымдардағы қымбат бағалы металдардың салмағы есепке алу деректері бойынша, ал мұндай деректер жоқ болған жағдайда - бөлшектерге (бұйымдарға) арналған шығыстардың нормалары бойынша анықталады.

Қымбат бағалы металдар мен қымбат бағалы тастар салынған қолда бар ашылмаған посылкаларға түгендеу жүргізу кезінде ашылуы тиіс, ал олардың ішіндегі қымбат бағалы металдар, қымбат бағалы тастар және олардан жасалған бұйымдар саны және салмағы бойынша тексерілуі тиіс.

Бұзылудан сақтайтын, арнаулы ыдыстарда пломбаланған, түгендеу кезінде қолда бар тұздар, қышқылдар, ерітінділер түріндегі қымбат бағалы металдардың бар болуы түгендеу тізіміне есепке алу, техникалық құжаттамалар, жеткізушінің құжаттары негізінде белгіленеді және енгізіледі.

Түгендеу жүргізу уақытында түскен құндылықтар түгендеу комиссиясының қатысуымен қабылданады және жеке тізімге енгізіледі.

51. Қымбат бағалы металдар мен қымбат бағалы тастардың және олардан жасалған металдардың атаулары, олардың салмағы мен саны түгендеу тізімінде - номенклатура есебінде және өлшем бірлігінде қабылданған біріктірілген ведомостарда көрсетіледі.

52. Түгендеу кезінде анықталған нақтылы қалдықтар мен есепке алу деректері арасындағы айырмашылықтар мынадай тәртіптермен реттеледі:

а) артық болып шыққан қымбат бағалы металдар мен қымбат бағалы тастар және олардан жасалған бұйымдар, одан әрі артық шығыстардың себептерін және кінәлі адамдарды анықтай отырып есепке алуға жатады;

б) кем шыққан қымбат бағалы металдар мен қымбат бағалы тастар Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте кінәлі адамдардан өндіріп алынады ;

в) қайта сұрыптау нәтижесінде артық шығыстар мен жетіспеушіліктер құндылықтардың сол бір атауына қатысты, сол бір тұлғаға, сол бір кезең үшін ерекшелік түрінде ғана жол беріледі.

Ескерту: Сол бір атаумен деген ұғымда, ішінара:

- дәл өлшем шегіндегі салмақ айырмашылығымен, аралас көлемдегі, сол бір мақсаттағы - қымбат бағалы тастар;

- нысаны және көлемі бойынша ұқсас бір мақсаттағы - құрал саймандар түсіндіріледі .

Жетіспейтін қымбат бағалы металдар мен қымбат бағалы тастардың сандарын қайта сұрыптаудан шыққан артықшылықтар мен жетіспеушіліктерді есепке алу кезіндегі жағдайларда артық шығыстардың айырмашылығы кінәлі тұлғаларға жатқызылуы тиіс;

г) қымбат бағалы металдар мен қымбат бағалы тастардың жетіспеушілігі мен жоғалуы олар үшін шығыс нормалары белгіленген тіс салу техникасы және басқа бұйымдар жасау өндірісінің шығындары үшін, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және тәжірибе жұмыстарын жүргізу үшін есептен шығарылмауы тиіс. Бұл шығындар мен жетіспеушіліктердің себептерін мемлекеттік мекемелердің басшылары анықтайды, бұл шығындар мен жетіспеушіліктердегі кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте жауапқа тартылады.

53. Бұл түгендеулер көрсетілген құндылықтар орналасқан немесе сақталған жерлер бойынша жеке жасалған түгендеу тізімінде және олардың сақталуына жауапты тұлғалар көрсетілуге жатады (N 12, 13, 14 қосымшалар).

Қымбат бағалы металдарды, қымбат бағалы тастарды, табиғи алмастарды және олардан жасалған бұйымдарды түгендеу актілерін (N 12,13 қосымшалар) инвестициялық комиссиялар екі данада әзірлейді, комиссия және материалдық-жауапты тұлға қол қояды. Бір данасы біріккен ведомосты жасау үшін бухгалтерлік қызметіне беріледі, ал екіншісі материалдық-жауапты тұлғада қалады .

Материалдық-жауапты тұлға ауысқан кезде акт үш данада жасалады ( құндылықтарды тапсырған материалдық-жауапты тұлғаға, құндылықтарды қабылдаған материалдық-жауапты тұлғаға және бухгалтерлік қызметке).

Жартылай фабрикаттардағы, жабдықтардың, құралдардың желілері мен бөлшектеріндегі және басқа бұйымдардағы бар қымбат бағалы металдардың

түгендеу тізімін мемлекеттік мекемелер бойынша тұтастай әр объект бірлігі бойынша түгендеу комиссиясы бір данада әзірлейді.

## **10. Ақша қаражаттарын, құндылықтарды және қатаң есепке алу бланкілерін түгендеу**

54. Мемлекеттік мекемелердің басшылары белгілейтін мерзімде, бірақ тоқсанына бір реттен жиі емес, кассаларда кенеттен тексеруді жүргізеді.

Кассаны тексеру және кассалық тәртіптің сақталуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 195 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде кассалық операциялар жүргізудің ережесіне сәйкес жүргізіледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1135 болып тіркелген). V095760

**Ескерту. 54-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2007.12.28. N 489 (алғаш рет жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

55. Кассаларды түгендеу кезінде кассада бар нақтылы қолма-қол ақшалар мен басқа да құндылықтар тексеріледі. Қолда бар ақшалар барлық қолма-қол ақшалардың әр қағаздарын қайта толық санау жолымен тексеріледі. Сонымен бірге ақша құжаттары мен құндылықтары кассада сақталатын қатаң есептеме бланкілері тексеріледі. Нақтылы ақша құжаттарының (почта маркалары, бензинге және май үшін, тамақ үшін төленген талондар, демалыс үйлеріне, санаторийлерге, туристік базаларға төленген жолдамалар, почта аударымдары үшін алынған хабарламалар және т.б.) бар болуын тексеру кезінде сомасы, әрбір құжаттың түпнұсқасы және оның ресімделуінің дұрыстығы белгіленеді. Қатаң есепке алу бланкілері түрлері, нөмірлері және бланкілердің сериялары бойынша т е к с е р і л е д і .

Кассаларда есепке алынбаған қолма-қол ақшаларды және басқа да құндылықтарды сақтауға тыйым салынады.

Нақтылы қолма-қол ақшаларды есептеу кезінде кассада қолма-қол ақшалар есепке қабылданады. Кассалардағы қолма-қол ақшалардың қалдығына ешқандай құжаттар немесе қолхаттар енгізілмейді.

56. Кассаларды түгендеу жеке актімен ресімделеді. Актіде: түгендеуді жүргізген комиссиялардың құрамы, түгендеу жүргізілген қолма-қол ақшалар мен басқа да құндылықтардың орналасқан жері, мемлекеттік мекемелердің кассасындағы нақтылы қалған қалдықтары және түгендеу жүргізілген күнгі бухгалтерлік есеп деректері бойынша қалдықтар (N 15 қосымша).

Акт екі данада жасалады және түгендеу комиссиясы мен материалдық-жауапты тұлға қол қояды. Актінің бір данасы мемлекеттік мекеменің

бухгалтерлік қызметіне беріледі, екіншісі материалдық-жауапты тұлғада қалады.

Материалдық-жауапты тұлға ауысқан жағдайда акт үш данада жасалады.

Кассада қолма-қол ақшалар мен құндылықтардың жетіспеушіліктері немесе артықшылықтар анықталған жағдайда актіде жетіспеушіліктердің немесе артықшылықтардың сомалары және олардың пайда болу жағдайлары көрсетіледі.

57. Қатаң есеп беру бланкілерінің нақтылы бар болуын тексеру сол немесе басқа бланкілердің нөмірлерінің бар болуын және соңғы нөмірлерін ескере отырып бланкілердің түрлері бойынша жүргізіледі. Бұл тексерулердің нәтижелері арнаулы тізбемен ресімделеді (N 16 қосымша).

58. Бюджеттік шоттарда, ақылы қызметтер бойынша ҚБШ-де, қайырымдылық, демеушілік көмек ҚБШ-сінде, жеке және заңды тұлғалардың уақытша ақша орналастыру ҚБШ-сінде, шетел валютасындағы шоттарда, сыртқы заемдар мен гранттар бойынша бюджеттік инвестициялық жобаның арнайы шоттарында қаражаттарды түгендеу мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік қызметтерінің деректері бойынша тиісті шоттарда есепте тұрған сомалардың қалдықтарын қазынашылықтың аумақтық органдарының есепті нысандары бойынша деректермен және қызмет көрсететін екінші деңгейдегі банктердің үзінді жазбаларымен салыстыру жолымен жүргізіледі.

**Ескерту. 58-тармақ жана редакцияда - Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2007.12.28. N 489 (алғаш рет жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

## **11. Есептемелерді тіркеу**

59. Бюджетпен, есеп беретін тұлғалармен, жұмысшылармен, қызметшілермен және стипендия алушылармен, депоненттермен, басқа дебиторлармен және несие алушылармен есеп айырысуларды түгендеу бухгалтерлік есеп тіркелімдеріндегі құжаттар мен жазбалар бойынша анықталып және тиісті шоттарда есептелетін сомалардың негіздемелерін мұқият тексеріліп жасалады. Комиссия бұл шоттар бойынша борыштардың пайда болу мерзімін, бұрынғы талаптардың мерзімі өткен жағдайда берешектердің нақтылығын және кінәлі тұлғаларды анықтайды.

Барлық дебиторлармен және несие алушылармен мемлекеттік мекемелер салыстыру актілерін алмасуы тиіс. Бұл салыстыру актілері берешектердің нақтылығын растау үшін тіркеу комиссияларына беріледі.

Дебиторлармен және несие алушылармен есеп айырысу шоттарында тек келісілген сома ғана қалуы тиіс.

Жекелеген жағдайларда егер есепті кезеңнің соңына дейін туындаған

қайшылықтарды немесе анықталмаған айырмашылықтарды қалпына келтіру мүмкін болмаса дебиторлармен және несиелі алушылармен есеп айырысуларды әрбір тарап өз баланстарында бухгалтерлік жазбалардан туындайтын және оның дұрыстығын мойындайтын сомаларда көрсетіледі.

